

**Илияс Есенберлин атындағы №67 гимназиясының 1- 11 сынып
ата-аналар комитеттеріне арналған «Оқушылардың өмір
қауіпсіздік ережелерін сақтау» және қысқы каникул кезіндегі
демалыс туралы**

**Ата-аналар комитеттері жиналысы
Хаттама №4**

Күні: 26.12.2025ж.
Уақыты: 17.00-18.00
Өткізілу орны: кітапхана
Қатысушылар: 1-11 сынып ата-аналар комитеттері, сынып жетекшілері,
Сарыарқа ауданы ІІБ, Төтенше жағдайлар департаменті мамандары

Мақсаты:

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және төтенше жағдайлардың алдын алу туралы түсіндірме жұмысын жүргізу

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы
2. Мектептің ішкі тәртіп ережесі- Сулекеев К.К. ДТЖО
3. Каникул күндерінде сынып жетекшілерінің оқушылармен тәрбие жұмыстарын жүргізу жайында- Оналбаева Г. Б. ДТЖО
4. Төтенше жағдайлардың алдын алу: жауапкершілік пен сақтық - ТЖД маманы
5. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жолдары- Сарыарқа ауданы ІІБ маманы

Тыңдалды:

1. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Сулекеев К.К ата-аналар комитеттеріне жиналыстың күн тәртібімен таныстырып өтті. Астана қаласының білім басқармасы мемлекеттік мекемесінің 26.12.2025 жылғы №24 бұйрығы негізінде оқушылардың қысқы демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру және жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында ата-аналармен профилактикалық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.
2. Мектептің ішкі тәртіп ережесі туралы директор Н. А. Ильясова ата-аналарға оқушылардың қауіпсіздігін сақтау сонымен қатар мектеп қабырғасында келеңсіз жағдайлардың алдын алу және сабақтан себепсіз қалмауын ата-аналар жауапкершілігінен сұралатынын түсіндірді.

3. Каникул күндерінде сынып жетекшілерінің оқушылармен тәрбие жұмыстарын жүргізу жайында директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Оналбаева Г. Б. ата-аналарға каникул кезінде онлайн сынып жетекшімен байланыс жасау арқылы тәрбие жұмыстарының жүргізілетінін атап өтті.
4. Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкері Полатов Ербағлан Еркінұлы қатысты. Үй жағдайында өрт қауіпсіздігін сақтау ережелері үнемі балаларға күнделікті айтып отыру ата-аналардан ескертіл, түсіндіру және мектепте төтенше жағдайлардың алдын алу жұмыстары жүргізілу қажеттілігі аталды.
5. Сарыарқа аудандық ішкі істер органдарының қызметкерлері: учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты Бағдаулет Сатыбалдыұлы Төлеген, Астана қаласы Сарыарқа АПБ ПБ жедел уәкілі, полиция капитаны Байбориев Руслан Нуралиевич және Сарыарқа ауданы полиция басқармасының ювеналдық полиция бөлімінің қызметкері, полиция майоры Сая Тургунова жасөспірімдердің құқық бұзушылыққа жол бермеуі, оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуі және ата-аналардың жауапкершілігі туралы жан-жақты түсіндіру жұмыстарын жүргізді.
Алдағы уақытта да ата-аналармен және оқушылармен қауіпсіздіктің алдын алу, құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында тиісті мамандармен кездесулер өткізіліп, профилактикалық жұмыстар жалғасын табатын болады

Шешім:

1. Оқушылардың қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау сынып жетекшілері түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
2. Мектептің ішкі тәртіп ережесіне байланысты ата-аналар мен сынып жетекшілер арасында тұрақты байланыс жүргізілу туралы тәрбие жұмысы орынбасары Сулекеев К.К. тәрбие жұмысын жүргізу.
3. Каникул күндеріне арналған іс-шаралар жоспары құрылып, сынып жетекшілері тәрбие жұмысын жүргізуін тәрбие жұмысы орынбасары Оналбаева Г. Б. қадағалау жүргізу.
4. Төтенше жағдайлардың алдын алу туралы сынып жетекшілер мен ата-аналар түсіндірме жұмысы үнемі жүргізілу.
5. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша құқықтық тәрбие жұмыстары сынып сағаттарында «Заң және тәртіп» аясында жүргізілу сынып жетекшілеріне жүктелсін.

Хатшы: А. Товкумова

